



БҰЙРЫҚ

ПРИКАЗ

11.09.2025 не.

№ 131.

Қазақстан Республикасы
рәміздерін насихаттау және қолдану
жөніндегі жұмыстарды ұйымдастыру туралы

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 4 маусымындағы №258 «Қазақстан Республикасының Рәміздері туралы» Конституциялық Заңын орындау және қолдануын жүзеге асыру мақсатында, **БҰЙЫРАМЫН:**

1.2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерін талапқа сай насихаттау және қолдануды жүзеге асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары бекітілсін.

2.2025-2026 оқу жылына арналған іс-шаралар жоспарын жүйелі жүзеге асыру директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары М.Сейтова мен А.Жамбыроваға жүктелсін.

3.Әр аптаның дүйсенбі күні сағат 07:50-де Қазақстан Республикасының мемлекеттік гимнін орындауды ұйымдастыру және қадағалау жауапкершілігі директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары М.Сейтоваға міндеттелсін.

4.Осы бұйрықтың орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

Мектеп директоры



А.А.Султанова

Бланк сериялық нөмірсіз ЖАРАМСЫЗ БОЛЫП ТАБЫЛАДЫ.
Бланк без серийного номера НЕДЕЙСЯ ИТЕЛЕН.



«Бекітемін»

Мектеп директоры:

А.Султанова

**Ә.Жаңгелдин атындағы орта мектебі бойынша Қазақстан Республикасының
Мемлекеттік нышандарын насихаттау және қолдану жөніндегі жұмыс жоспары
2025-2026 оқу жылы**

Р/с	Шаралар мазмұны	Уақыты	Жауаптылар
1	ҚР мемлекеттік рәміздерін насихаттау бойынша іс-шаралар жоспарын жасақтау	Қыркүйек	ДТЖО
2	Жұмыс аптасын мемлекеттік әнұраннан бастау	Жыл бойы	ДТЖО Сынып жетекшілер
3	«Қазақстан – Туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Әнұранмен айбатты!» (сынып сағаттары)	Қазан	Мектеп тәлімгері Сынып жетекшілер
4	«Мемлекеттік нышандарды білу – әр азаматтың парызы» дөңгелек үстел	Қараша	Мектеп тәлімгері
5	«Мемлекеттік Рәміздер - елміздің нышаны»	Желтоқсан	ДТЖО
6	«Тарихтан туған рәміздер» Сурет байқауы	Қаңтар	ДТЖО
7	«Мемлекеттік рәміздер- тәуелсіздік символы» тақырыптық кітап көрмесі	Ақпан	Ихуанова Г.
8	«Көк туым-мәңгі желбіре» мектепшілік патриоттық әндер байқауы	Сәуір	ДТЖО
9	Жасалған жұмыстар бойынша қорытынды мәлімет жасау	Мамыр	ДТЖО


Қазақстан Республикасында жұмыс аптасын мемлекеттік әнұранмен бастау туралы анықтама

Мектепте білім алушыларға патриоттық тәрбие беру, олардың азаматтық жауапкершілігін арттыру, мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін қалыптастыру мақсатында жұмыс аптасын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұраны орындаумен бастау дәстүрі жолға қойылған. Аталған жұмыс білім алушылардың ел тарихына, ұлттық құндылықтарға деген қызығушылығын арттыруға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін нығайтуға және мемлекеттік рәміздердің маңызын терең түсінуіне бағытталған.

Жұмыс аптасының алғашқы күні (дүйсенбі) мектептің барлық білім алушылары мен педагог қызметкерлері белгіленген уақытта мектептің акт залында немесе ауласында сапқа тұрып жиналады. Іс-шара мектеп әкімшілігінің ұйымдастыруымен өткізіледі. Мемлекеттік әнұран мектептің дыбыс күшейткіш құралдары арқылы қосылады немесе музыка пәні мұғалімінің сүйемелдеуімен орындалады. Әнұран орындалу барысында барлық қатысушылар тік тұрып, оң қолын жүрек тұсына қойып, құрмет көрсету тәртібін сақтайды. Бұл іс-шара білім беру ұйымының тәрбие жұмысы жоспарына енгізілген және тұрақты түрде өткізіліп келеді. Апта сайынғы орындалу арқылы білім алушылардың мемлекеттік рәміздерге деген құрметі артып, патриоттық сана-сезімі қалыптасады. Сонымен қатар оқушылар мемлекеттік әнұран мәтінін жатқа білуге, оны дұрыс және мәнерлеп орындауға дағдыланады.

Жұмыс аптасын мемлекеттік әнұранмен бастау – білім алушылар арасында тәртіптілік, ұйымшылдық, жауапкершілік сияқты қасиеттерді қалыптастыруға оң әсерін тигізеді. Бұл дәстүр мектеп ұжымының бірлігін нығайтып, білім алушылардың ел болашағына бейжай қарамайтын, белсенді азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

Аталған іс-шараның орындалуы мектеп әкімшілігінің бақылауында болады және оның сапалы өткізілуіне жауапты тұлғалар бекітілген. Іс-шара нәтижесі тәрбие жұмыстарының қорытындысында талданып, әрі қарай жетілдіру жұмыстары жүргізіледі.



«Қазақстан – туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Әнұранымен айбатты» тақырыбында сынып сағаттарының өткізілуі туралы анықтама

Білім алушыларға патриоттық тәрбие беру, мемлекеттік рәміздердің маңызын түсіндіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Қазақстан – туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Әнұранымен айбатты» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылып өткізілді. Аталған іс-шаралар білім алушылардың ел тарихына, мемлекеттік рәміздерге деген құрмет сезімін қалыптастыруға бағытталды.

Сынып сағаттары барысында білім алушыларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің шығу тарихы, олардың авторлары, рәміздерде бейнеленген ұлттық нақыштардың мәні мен мағынасы туралы жан-жақты мәліметтер берілді. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздердің мемлекет үшін маңыздылығы, оларды құрметтеу – әрбір азаматтың парызы екені түсіндірілді.

Сынып сағаттары барысында түрлі тәрбиелік жұмыстар жүргізілді. Атап айтқанда, білім алушылар мемлекеттік рәміздер туралы бейнероликтер көріп, тақырыпқа байланысты пікір алмасып, сұрақ-жауап жұмыстарын жүргізді. Кейбір сыныптарда тақырыпқа байланысты эссе жазу, сурет салу, шығармашылық тапсырмалар ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік берді. Іс-шара барысында білім алушылар мемлекеттік рәміздерді құрметтеу мәдениетін сақтаудың маңыздылығын түсінді. Сонымен қатар олар мемлекеттік рәміздер – ел тәуелсіздігінің, егемендігінің және бірлігінің нышаны екенін білді. Сынып жетекшілері білім алушыларға рәміздерді күнделікті өмірде құрметтеу, оларды дұрыс пайдалану тәртібі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді.

Өткізілген сынып сағаттары білім алушылардың патриоттық сана-сезімін қалыптастыруға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін арттыруға, азаматтық жауапкершілігін дамытуға оң ықпал етті. Сонымен қатар білім алушылардың ел тарихына деген қызығушылығы артып, ұлттық құндылықтарды құрметтеу дағдылары қалыптасты.

Жалпы алғанда, «Қазақстан – туымен тұғырлы, Елтаңбасымен еңселі, Әнұранымен айбатты» тақырыбында өткізілген сынып сағаттары тәрбиелік маңызы зор іс-шаралардың бірі болып табылады. Аталған іс-шаралар мектептің тәрбие жұмысы жоспарына сәйкес ұйымдастырылып, өз деңгейінде өткізілді.



«Мемлекеттік нышандарды білу – әр азаматтың парызы» тақырыбында дөңгелек үстел өткізілуі туралы анықтама

Білім беру ұйымында білім алушылардың патриоттық сана-сезімін қалыптастыру, мемлекеттік рәміздердің маңызын түсіндіру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу мақсатында «Мемлекеттік нышандарды білу – әр азаматтың парызы» тақырыбында дөңгелек үстел ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара барысында білім алушыларға Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің тарихи маңызы, олардың мемлекет өміріндегі алатын орны туралы жан-жақты мәліметтер берілді.

Дөңгелек үстел барысында білім алушылар мемлекеттік рәміздердің шығу тарихы, олардың авторлары, рәміздерде бейнеленген ұлттық ерекшеліктер мен тарихи мағыналар туралы өз ойларын ортаға салды. Сонымен қатар білім алушылар арасында пікір алмасу ұйымдастырылып, тақырыпқа байланысты сұрақ-жауап жұмыстары жүргізілді. Қатысушылар мемлекеттік рәміздерді білу, құрметтеу және оларды насихаттау – әрбір азаматтың басты міндеттерінің бірі екендігі туралы өз пікірлерін білдірді. Іс-шара барысында білім алушыларға мемлекеттік рәміздер – ел тәуелсіздігінің, егемендігінің және бірлігінің нышаны екені түсіндірілді. Сонымен қатар мемлекеттік нышандарды құрметтеу – Отанға деген сүйіспеншіліктің, елге деген адалдықтың белгісі екендігі айтылды. Дөңгелек үстелге қатысушылар тақырып аясында белсенділік танытып, өз білімдері мен ойларын еркін жеткізе алды.



«Мемлекеттік рәміздер – еліміздің нышаны» тақырыбында сынып сағаттарының өткізілуі туралы анықтама


Білім беру ұйымында білім алушыларға патриоттық тәрбие беру, ұлттық құндылықтарды дәріптеу, мемлекеттік рәміздердің маңызын түсіндіру мақсатында «Мемлекеттік рәміздер – еліміздің нышаны» тақырыбында сынып сағаттары ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара барысында ҚР Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің тарихи маңызы, олардың мемлекет өміріндегі алатын орны туралы жан-жақты түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Сынып сағаттары барысында білім алушыларға мемлекеттік рәміздердің пайда болу тарихы, олардың авторлары, рәміздерде бейнеленген ұлттық нақыштар мен тарихи ерекшеліктер туралы мәліметтер берілді. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздер – ел тәуелсіздігінің, егемендігінің және бірлігінің нышаны екені түсіндірілді.

Іс-шара барысында түрлі тәрбиелік жұмыстар ұйымдастырылды. Атап айтқанда, білім алушылар тақырыпқа байланысты бейнематериалдар көріп, пікір алмасу жүргізді, сұрақ-жауап арқылы білімдерін толықтырды. Кейбір сыныптарда тақырып аясында шығармашылық тапсырмалар, эссе жазу, сурет салу жұмыстары ұйымдастырылды. Бұл жұмыстар білім алушылардың танымдық белсенділігін арттыруға мүмкіндік берді.

Сынып сағаттары барысында білім алушылар мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың міндеті екендігін түсінді. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздерді дұрыс пайдалану, оларды құрметтеу мәдениетін сақтау туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Өткізілген сынып сағаттары білім алушылардың ел тарихына деген қызығушылығын арттыруға, патриоттық сана-сезімін қалыптастыруға, Отанға деген сүйіспеншілік сезімін нығайтуға оң әсерін тигізді. Сонымен қатар білім алушылардың азаматтық жауапкершілігін дамытуға ықпал етті.



«Тарихтан туған рәміздер» сурет байқауының өткізілуі туралы анықтама

Білім беру ұйымында білім алушыларға патриоттық тәрбие беру, тарихи танымын кеңейту, мемлекеттік рәміздердің маңызын түсіндіру мақсатында «Тарихтан туған рәміздер» тақырыбында сурет байқауы ұйымдастырылып өткізілді. Іс-шара барысында білім алушыларға КЗ Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздерінің шығу тарихы, олардың тарихи негіздері мен тәрбиелік маңызы туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Байқау барысында білім алушылар мемлекеттік рәміздердің маңызын сурет арқылы бейнелеп, өз шығармашылық қабілеттерін көрсетті. Қатысушылар мемлекеттік Ту, Елтаңба және басқа да ұлттық нышандарды бейнелеу арқылы өз ойларын жеткізді. Байқау оқушылардың ел тарихына деген қызығушылығын арттыруға, мемлекеттік рәміздерге деген құрметін қалыптастыруға бағытталды.

Іс-шараға әр сыныптан білім алушылар белсенді қатысты. Байқау жұмыстары арнайы комиссия тарапынан бағаланып, үздік жұмыстар анықталды. Жеңімпаз білім алушылар марапатталды. Сонымен қатар байқауға ұсынылған үздік жұмыстар мектеп көрмесіне қойылды.

Байқау барысында білім алушылар мемлекеттік рәміздердің ел тәуелсіздігінің, бірлігінің және егемендігінің белгісі екенін түсінді. Сонымен қатар мемлекеттік рәміздерді құрметтеу – әрбір азаматтың міндеті екендігі туралы түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

